

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Еркемай» балабақшасы

Өткізілген күні: 26.01.2026 жыл

Қатысқан педагогтардың саны: 10 педагог

Тақырыбы: «Ұйымдастырылған іс әрекеттерде жаңа технологияларды қолданып, балалар қауіпсіздігін басты назарда ұстау»

Мақсаты: Жаңа технологияларды қолдана отырып, балалардың қызығушылығын арттыру, білімдерін жетілдіру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Күн тәртібі:

1. № 2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
Іс-әрекетте жаңа технологиялар қолданылып, балалар қауіпсіздігіне баса көңіл қойылды.
2. «Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасы- тұлға бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру құралы. Баяндамашы Мендигалиева А.К.
- 3.«Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік пен патриоттық тәрбие берудің инновациялық әдістері». Баяндамашы Едильбаева Б.А.
4. «Отбасындағы құндылықтар- балабақшадағы тәрбиенің жалғасы».
5. Патриоттық ойындар. Қазақ тілі пәні мұғалімі
6. Педагогикалық кеңес шешімі.

1-Мәселе

№2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы

Тыңдалды: Әдіскер Едильбаева Б.А. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп беріп, талқыланды. Педагогтардың ұсыныстары мен жетістіктері қаралды..

2. Әр іс-әрекетте жаңа технологиялар қолданылсын.

Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте педагогтар жаңа технологиялардың элементтерін пайдаланып өткізуде. ЖИ қолданып жүргізіліп жүр.

3. «Педагогикалық жәрмеңке» үнемі жаңартылып тұрсын.

Педагогтың тәжірибелік қоржынын толықтыру мақсатында «Педагогикалық жәрмеңке» үнемі ұйымдастырылып отыру үшін мамыр айында өткізілу жоспарлануда.

4. Балалар қауіпсіздігі басты назарда ұсталынсын.

Балалар серуенге шығатын алаң қардан тазартылған. Топтағы шкафтар мен полкалар бекітілген. Бала қауіпсіздігі басты назарда.

2-Мәселе

«Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасы - тұлға бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру құралы.

Тыңдалды: әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы 2025–2026 оқу жылына бекітілді.

Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес айқындалған 6 құндылық негізінде ұйымдастырылады. Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне

деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту: елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату; отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру; өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу; әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру: басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу; өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру; біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау: әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету; білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады. Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері: Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі: Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері; мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері; туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі: отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу; басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту; ойы мен сезімдерін білдіре алу;

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі: жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру; уәделерді орындай білу.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі: жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы; үлкендерді құрметтей білу; үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі: үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу; үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы; жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу; жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі: шығармашылық қиял мен елестетуге негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту; сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы; жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу.

3-Мәселе

«Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік пен патриоттық тәрбие берудің инновациялық әдістері».

Тыңдалды: тәрбиеші осы тақырыпта баяндамамен таныстырды.

4-Мәселе

«Отбасындағы құндылықтар- балабақшадағы тәрбиенің жалғасы».

Тыңдалды: тәрбиеші

Отбасындағы құндылықтар мен балабақшадағы тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты. Отбасы – бала үшін алғашқы тәрбие мектебі болып табылады, сондықтан үйдегі құндылықтар мен тәрбие негіздері балабақшадағы білім беру процесіне әсер етеді. Балабақшада балалар әлеуметтік дағдыларды игеріп, қоғамда өз орнын табуға үйренеді, бірақ осы процестің табысты болуы отбасындағы тәрбиенің сапасына да байланысты. Отбасының қоғам мен мемлекет тіпті, күллі адамзат алдындағы орны тым бөлек. «Отан –от басынан басталады», «Отбасы– шағын мемлекет» деген сөздер де бекер айтылмаса керек. Сонымен сіздерге сұрақ : Қазіргі қоғамда отбасы мүшелерінің орны қандай, соларға лайықты көңіл аударып жүрміз бе?

Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», — деп мадақтайды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейтін қазақ қыз балаларының тәрбиесіне аса үлкен назар аударды.

5-Мәселе

Патриоттық ойындар.

Тыңдалды: Қазақ тілі пәні мұғалімі Жаманова Н.А. патриоттық ойындармен таныстырып, іс-тәжірибемен көрсетті

1. «Ту жинау» ойыны

- Қатысушылар топқа бөлінеді.
- Әр топқа Қазақстан Республикасының Туы бөліктері беріледі.
- Тапсырмаларды орындап, ту бөліктерін жинап, толық құрастыру керек.

2. «Әнді жалғастыр» ойыны

- Патриоттық әннің бірінші жолы айтылады.
- Қатысушылар жалғастырады.
- Мысалы, Менің Қазақстаным әні.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдері толық орындалған деп танылсын.
2. «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен жұмыстар іске асырылсын.
3. Бөбекжай тәрбиеленушілеріне адамгершілік және патриоттық тәрбие беруде инновациялық әдістер пайдаланылсын.
4. Балаларды тәрбиелеуде отбасы құндылықтарын сақтау жұмыстары назарға алынсын.
5. Патриоттық ойындар педагогтардың өз тәжірибелерінде қолдансын.

№2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы есеп

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері! №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жүргізілді. Бақылау нәтижесінде жоспарланған жұмыстардың толық көлемде жүзеге асырылғаны анықталды.

1. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: Жаңа технологиялардың баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі.

Қабылданған шешім тармақтары толық көлемде орындалды. Жаңа технологияларды білім беру үдерісіне тиімді енгізу балалардың жан-жақты дамуына, оқу мотивациясының артуына және педагогтердің кәсіби шеберлігінің жетілуіне оң әсерін тигізді. Алдағы уақытта инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесін жетілдіру, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру және тиімді тәжірибелерді кеңінен тарату жұмыстары жалғастырылатын болады.

2. «Педагог жәрмеңкесі» қорытындысы бойынша үздік әдістемелік жұмыстар айқындалып, оларды педагогикалық тәжірибеге енгізу және мекемеішілік әдістемелік қорды толықтыру ұсынылды. Сонымен қатар педагогтерге өз тәжірибелерін аудандық және облыстық деңгейдегі кәсіби байқаулар мен семинарларда таратуға бағыт-бағдар берілді. Өткізілген «Педагог жәрмеңкесі» педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, шығармашылық әлеуетін дамытуға, озық тәжірибелерді насихаттауға және білім беру сапасын арттыруға оң ықпалын тигізді. Іс-шара өз мақсатына толық жетіп, белгіленген жоспарға сәйкес орындалды.

3. Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.

Барлық топтарда қауіпсіз орта қалыптастырылып, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына тұрақты бақылау жүргізілді. Тәрбиешілер балаларға жолда жүру ережелері, өрт қауіпсіздігі, тұрмыстық қауіпсіздік және табиғат аясындағы қауіпсіздік туралы түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде өткізді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында қауіпсіздік талаптары қатаң сақталды. Серуен кезінде балалардың қауіпсіз қозғалысы, ойын алаңдарының жарамдылығы және құрал-жабдықтардың қауіпсіз пайдаланылуы бақылауда болды. Педагогтер тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында денсаулық сақтау технологияларын қолданып, қимылды ойындар мен сергіту сәттерін тиімді ұйымдастырды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қамтамасыз етілгені анықталды. Педагогтер оқу-тәрбие процесінде жаңа технологияларды жүйелі қолданып, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау бағытындағы жұмыстарды сапалы ұйымдастырған.

Қорытынды: №2 педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуда. Оқу-тәрбие процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар талапқа сай жүргізілуде. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіру және тәжірибеге енгізілетін тиімді технологиялар санын арттыру ұсынылады.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру.

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 26.05 2025 жылғы №123 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асырылады. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек –Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде төмендегі құндылықтарды атап өтті: «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік және жауапкершілік», «Заң және тәртіп», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және жаңашылдық». Бұл құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналып, 2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болатындығы айтылады. Бөбекжайдың «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру жоспары осы бағдарлама негізінде құрылды.

Жоспар құрылымында әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінетін және әр айда тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

Қыркүйек - ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Сәуір - ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
- Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
- Өзіне-өзі қызмет көрсету

Қазан- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Отан, ел, туған өлке туралы білу
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
- Мемлекеттік тілді білу
- Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
- Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Қараша - ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Жауапты болу
- Уәделерді орындай білу
- Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

Желтоқсан - БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Мамыр - БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Қаңтар - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Шілде - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Тамыз - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.
- Үлкендерге құрмет көрсету
- Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу

Ақпан - ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Маусым - ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы
- Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту
- Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту
- Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну
- Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану

- Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу

Наурыз - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Отан, ел, туған өлке туралы білу
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
- Мемлекеттік тілді білу
- Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
- Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Әрбір айға бөлінген іс-шараның тақырыптарына сай мектепке дейінгі тұйым түлегі қандай болу керектігі бағдарламада ашық көрсетілген.

Әр айдың іс-шаралары төмендегідей бөлінген:

Күнделікті

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау.

Апта сайын

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен жұмыс жоспарына, мақсатты тақырыптарға сәйкес, салауатты өмір салты, құқықтық сауаттылық, ақпараттық мәдениет, жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

Қолайлы білім беру ортасын құру және оның білім алушының мінез-құлқына әсері бөлімінде Оқу-тәрбие процесінде қолайлы жағдай жасауда білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтер басты рөл атқаратыны белгіленіп кеткен. Осыған байланысты:

Білім беру ортасын құру және қолдау

- Білім беру ұйымының қауіпсіздігін және абаттандыруды қамтамасыз ету.
- Ынтымақтастық атмосферасын құру.
- Адамгершілік, әлеуметтік және мәдени орта құру.
- Білім беру ұйымының физикалық жағдайын, соның ішінде жарықтандыру, шу деңгейі, ауа сапасы және температура жағдайларын жақсарту маңызды.

Бағдарламаны іске асыруда педагогтерге ұсынылатын ұсыныстар:

Тәрбиеде құндылықтарды қалыптастыру

- Күнделікті іс-әрекетте үлгі көрсету.
- Сыныпта және одан тыс жерлерде тәрбиені жүзеге асыру және белсенді орындау.
- Құндылықтарды қалыптастыру тәсілдерін жүзеге асыру үшін басшылықпен үйлестіру.
- Білім алушыларға қауіпсіз және қолдаушы ортада өз құндылықтары мен нормаларын дамытуға мүмкіндік жасау.

Оқыту және дамыту

- Құндылықтар мен тұлғаны қалыптастыру мәселелеріне бағытталған сынып сағаттарының мазмұны арқылы құндылықтарды кіріктіру;

- Өзекті мәселелерді және тұлғалық дамуды талқылау үшін пәннің мазмұнын пайдалану.
- Адамгершілік қасиеттерді бірлесе оқыту мақсатында мектепшілік іс-шаралар ұйымдастыру.
- Білім алушыларды белсенді түрде қызықтыру үшін түрлі педагогикалық әдістерді қолдану.
- Этикалық дилеммаларды талдау және шығармашылықты дамыту үшін оқу материалдары мен ресурстарын пайдалану.

Сабақтан тыс қызмет

- Көшбасшылық қасиеттерді көрсету және дамыту үшін сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.
- Білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу үшін мектеп іс-шараларын өткізу.
- Білім алушыларда құндылықтарды қалыптастыруға ынталандыру үшін қоғам қайраткерлерін, ата-аналарды шақыру.
- Әлеуметтік белсенділік және волонтерлік қызмет жобаларын әзірлеу және іске асыру.

Қорытынды:

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы тәрбиеленушілердің бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Бағдарлама талаптарын оқу-тәрбие процесінде жүйелі жүзеге асыру және ұлттық тәрбие мазмұнын байыту бойынша жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

Әдіскер Б.А. Едильбаева

«Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік пен патриоттық тәрбие берудің инновациялық әдістері»

Мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың бойында адамгершілік қасиеттердің, Отанға деген сүйіспеншіліктің, туған жерге құрметтің, үлкендерге ізеттілік пен кішіге қамқорлықтың негізі қаланатыны айтылды.

Баяндама барысында адамгершілік және патриоттық тәрбиені жүзеге асырудың заманауи тәсілдері қарастырылды. Атап айтқанда, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы балалардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру, олардың танымдық белсенділігін дамыту және әлеуметтік тәжірибесін байыту мәселелері сөз болды.

адамгершілік пен патриоттық тәрбие беруде келесі инновациялық әдістердің тиімділігіне тоқталды:

- Жобалау технологиясы;
- Ойын технологиялары;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- Интерактивті оқыту әдістері;
- Зерттеу және ізденіс әрекеттері;
- Проблемалық жағдаяттарды шешу әдістері;
- Квест және саяхат сабақтары;
- Мультимедиялық материалдарды пайдалану.

Жобалау технологиясын қолдану барысында балалар «Менің Отаным Қазақстан», «Менің отбасым», «Туған өлкем», «Қазақстанның рәміздері» тақырыптарында шағын жобалар дайындап, өз ойларын еркін жеткізуге үйренетіні айтылды.

Ойын технологиялары арқылы балалар халықтық салт-дәстүрлермен, ұлттық ойындармен танысып, адамгершілік қасиеттерді меңгереді. «Қонақ күту», «Отбасы», «Дүкен», «Мамандықтар әлемі» сияқты сюжеттік-рөлдік ойындар балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы балаларға Қазақстанның көрікті жерлері, тарихи ескерткіштері, мемлекеттік рәміздері туралы бейнероликтер мен презентациялар көрсетіліп, олардың елге деген сүйіспеншілігін арттыруға мүмкіндік жасалатыны атап өтілді.

Баяндамада адамгершілік тәрбие беру барысында көркем әдебиеттің маңызы ерекше екендігі айтылды. Ертегілер, әңгімелер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер арқылы балалар жақсылық пен жамандықты ажыратып, ізгі қасиеттерді бойына сіңіреді.

Сонымен қатар патриоттық тәрбие жұмыстары мемлекеттік мерекелерді өткізу, туған өлке туралы әңгімелер ұйымдастыру, ұлттық мерекелерді дәріптеу, тарихи тұлғалармен таныстыру, табиғатты қорғау шаралары мен қайырымдылық акцияларына қатыстыру арқылы жүзеге асырылатыны түсіндірілді.

Баяндамашы адамгершілік пен патриоттық тәрбиені қалыптастыруда ата-аналардың рөліне ерекше тоқталды. Балабақша мен отбасының тығыз байланысы бала тәрбиесіндегі оң нәтижелерге қол жеткізудің басты шарты екендігі атап өтілді.

Баяндама соңында педагогтермен пікір алмасу жүргізіліп, тәжірибеде қолданылып жүрген тиімді әдістер талқыланды. Қатысушылар ұсынылған инновациялық технологиялардың оқу-тәрбие процесінде қолдануға тиімді екенін атап өтті.

Қорытынды:

Максотова А.А баяндамасы педагогтердің адамгершілік және патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыстарын жетілдіруге ықпал етті. Баяндамада ұсынылған инновациялық әдістерді тәрбие мен оқыту процесінде жүйелі пайдалану, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және тәрбиеленушілердің бойында отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру ұсынылды.

Педагогикалық кеңес мүшелері баяндаманы тыңдап, талқылай отырып, жұмыс тәжірибесінде қолдануға шешім қабылдады.

Әдіскер Б.А.Едильбаева

«Отбасындағы құндылықтар – балабақшадағы тәрбиенің жалғасы»

Педагогикалық кеңесте тәрбиеші Кеңес Ә.Ә «Отбасындағы құндылықтар – балабақшадағы тәрбиенің жалғасы» тақырыбында баяндама оқыды.

Баяндама барысында отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі, отбасылық құндылықтардың баланың жеке тұлға болып қалыптасуына әсері жан-жақты қарастырылды. Баяндамашы отбасы баланың алғашқы тәрбие ортасы екенін атап өтіп, ата-ананың үлгісі арқылы бала бойында адамгершілік, мейірімділік, жауапкершілік, сыйластық, еңбекқорлық сияқты қасиеттер қалыптасатынын түсіндірді.

Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрлерді құрметтеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселелеріне ерекше тоқталды. Балабақшада жүргізілетін тәрбие жұмыстарының отбасы тәрбиесімен сабақтастығының маңыздылығы айтылды.

Баяндамашы қазіргі қоғамдағы ақпараттық технологиялардың балалар тәрбиесіне ықпалы туралы пікір білдіріп, ата-аналардың балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруы, кітап оқуға, шығармашылық және танымдық іс-әрекеттерге бағыттауы қажеттігін атап өтті.

Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту мақсатында ата-аналармен жүйелі жұмыстар жүргізудің маңыздылығы көрсетілді. Атап айтқанда, ата-аналар жиналыстары, ашық есік күндері, консультациялар, бірлескен мерекелік іс-шаралар мен көрмелер ұйымдастыру арқылы тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға болатыны айтылды.

Баяндама соңында бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақшаның өзара байланысы мен ынтымақтастығының маңыздылығы қорытындыланып, тәрбиенің сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар берілді.

Қорытынды:

«Отбасындағы құндылықтар – балабақшадағы тәрбиенің жалғасы» тақырыбындағы баяндама педагогтер тарапынан қызығушылықпен тыңдалды. Отбасылық құндылықтарды насихаттау және оларды тәрбие-білім беру процесінде тиімді пайдалану бойынша тәжірибе алмасу жүргізілді. Педагогтерге ата-аналармен өзара ынтымақтастықты күшейту және балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру ұсынылды.

Әдіскер Б.А. Едильбаева

«Патриоттық ойындар»

Педагогикалық кеңес барысында қазақ тілі пәні мұғалімі «Патриоттық ойындар» тақырыбында іс-шара ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – педагогтердің патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыс тәжірибесін жетілдіру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарды насихаттау болды. Іс-шара барысында қатысушылар белсенділік танытып, бірнеше танымдық және патриоттық ойындарға қатысты.

«Ту жинау» ойыны

Ойынға қатысушылар бірнеше топқа бөлінді. Әр топқа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының бөліктері таратылды. Ойын шарты бойынша қатысушылар берілген тапсырмаларды орындап, дұрыс жауаптар арқылы ту бөліктерін жинақтап отырды. Соңында әр топ Мемлекеттік Туды толық құрастырып, оның элементтері мен мағынасына тоқталды. Ойын барысында педагогтердің мемлекеттік рәміздер туралы білімдері пысықталып, патриоттық сезімдері нығайтылды.

«Әнді жалғастыр» ойыны

Бұл ойын барысында жүргізуші патриоттық әндердің алғашқы жолдарын орындады. Қатысушылар әннің келесі жолдарын жалғастырып айтып, әннің атауын анықтады. Әсіресе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны мен «Менің Қазақстаным» әні кеңінен қолданылды. Қатысушылар белсенді қатысып, ән мәтіндерін жақсы меңгергендіктерін көрсетті. Ойындар барысында педагогтер ұйымшылдық, тапқырлық, шапшаңдық танытып, өзара ынтымақтастықта жұмыс жасады. Іс-шара мазмұны жағынан тартымды, тәрбиелік мәні жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Қорытынды:

Қазақ тілі пәні мұғалімі өткізген «Патриоттық ойындар» іс-шарасы өз мақсатына жетті. Қатысушылар мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында білімдерін толықтырды. Іс-шара педагогтердің қызығушылығын тудырып, патриоттық тәрбие беру жұмыстарының тиімді формаларының бірі ретінде бағаланды.

Әдіскер Б.А. Едильбаева